

2022 - 2023 оқу жылындағы Амангелді орта мектебіндегі 9-сынып оқушыларының жылдық өткізілген тәрбие жұмысының есебі

Оқу жылының басында 9-сыныпқа тәрбие сағатының 8 бағыты бойынша жылдық жоспары құрылды. 1-ші қыркүйекте «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында жалпы тәрбие сағаты өтті.

Рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша «Оқуға кеңес береміз» деген тақырыпта оқушыларды кітап оқуға дағдыландыру мақсатында тәрбие сағаты өтті. Осы бағытта «Адалдық - адамдық бейнесі» тақырыбында оқушыларды адал болуға тәрбиелеу мақсатында адалдық сағаты өтті. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Кекшіл болма көпшіл бол» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Сыбайлас жемқорлық деген не?» тақырыбында сыбайлас жемқорлықсыз өмір сүруге баулу мақсатында тәрбие сағаты өтті.

Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында қарттарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында іс-шара өтті. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық бұзушылыққа байланысты тәрбие сағаты өткізілді. Отбасылық тәрбие бағыты бойынша «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мамандық таңдай білуге бағыт бағдар бере отырып, «Мамандық таңдау-маңызды шешім» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Ғаламтордың, ұялы телефонның пайдасы мен зияны туралы пікірталас өтті. Роза бағланованың 100 жылдығына сынып сағаты өткізілді. Дұрыс тамақтана білуге үйретуге «Фасфудтың зияны» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Желтоқсан айында «Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі» тақырыбында адалдық сағаты өтті. Республика күніне орай сонымен қатар тәуелсіздік мерекесіне байланысты жоспардан тыс іс-шараларда өтті.

Қаңтар айында салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру мақсатында «СПИД ғасыр дерті» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Жолда жүру ережесін қатаң сақтау мақсатында «Жол және біз» тақырыбында сынып сағаты өтті. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру мақсатында «Мен және менің достарым» тақырыбында сынып сағаты өтті. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Қазыбек бидің 355 жылдығы», «Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына» орай сынып сағаттары өткізілді. Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау мақсатында «Ұлттық ойын – халық қазынасы» тақырыбында сынып сағаты өтті. Онда оқушылар қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық ойындарын насихаттап көрсетті. Отбасылық тәрбие бағыты бойынша «Бала тәрбиесіндегі ата ананың рөлі» тақырыбында ата аналарға баяндама оқылып, бала тәрбиесін басты назарда ұстау туралы кеңестер айтылды. Сыныптағы әр баланың дарындылығын анықтау мақсатында «Кім білімді» интеллектуальды сайыс ұйымдастырылды. Жеңіп шыққан оқушылар марапатталды.

Наурыз айында көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Әдептілік-әдемілік» тақырыбында қыз балалар арасында сайыс болып, оқушылар марапатталды. Сәуір айында «Ғарышкерлер күні» Талғат Бигелденовтың 100 жылдығына орай сынып сағаты ұйымдастырылды. Онда оқушылар ұшқыштың толық өмірбаянын еске түсіріп толық мәліметтер алды. Сонымен қатар отбасына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Отбасым-мақтанышым» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мақсатында «Дін және мәдениет» тақырыбында баяндама оқылып, дін туралы түсінік жұмыстары жүрді. Қазақтың ұмытылып бара жатқан салт дәстүрлерін дәріптеу мақсатында «Дәстүрімізді дәріптейік» тақырыбында сынып сағаты өтті. Онда оқушылар қазақтың дәстүрлерін жаңғыртып презентация қорғады. Салауатты өмір салтын сақтау мақсатында «Дені сау адам-табиғаттың ең үлкен жемісі» тақырыбында спорттық сайыс болды. «Қазақстан ортақ үйіміз» тақырыбында эссе байқауы болып жеңімпаздар марапатталды. Жыл бойы құрылған жоспардағы сынып сағаттары толық қамтылып өткізілді.

Сынып жетекші: Үмбетова Г.